**тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)**

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

**ҚОЛЫ**

подпись

**Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға**

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

**тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)**

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

**ҚОЛЫ**

подпись

**Ескертпе:**

Примечание:

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады**

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

**"Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындардың жұмысы туралы есеп"**

**(индексі 1-ВК, кезеңділігі жылдық)**

**статистикалық нысанына**

**қосымша**

Приложение

к статистической форме

"Отчет о работе предприятий, осуществляющих эксплуатацию систем водоснабжения и (или) водоотведения" (индекс 1-ВК, периодичность годовая)

**Сумен жабдықтау жүйелерінің құбыр жолдарындағы аварияларды жоюдың есепті уақыты**  
**Расчетное время ликвидации аварии на трубопроводах систем водоснабжения**

| Құбыр диаметрі, миллиметр<br>Диаметр труб, миллиметр | Құбырларды қою тереңдігі кезіндегі құбыр жолдардағы аварияларды жоюдың есепті уақыты<br>Расчетное время ликвидации аварий на трубопроводах, при глубине заложения труб |                                    |
|--|--|------------------------------------|
|  | 2 метрге дейін<br>до 2 метров  | 2 метрден жоғары<br>более 2 метров |
| 400-ге дейін<br>до 400                               | 8 сағат<br>8 часов   | 12 сағат<br>12 часов               |
| 400-ден астам 1000-ға дейін<br>свыше 400 до 1000     | 12 сағат<br>12 часов   | 18 сағат<br>18 часов               |
| 1000-нан астам<br>свыше 1000                         | 18 сағат<br>18 часов   | 24 сағат<br>24 часа                |

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы 21 ақпандағы  
№ 24 бұйрығына  
12-қосымша

**"Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындардың жұмысы туралы есеп" (индексі 1-ВК, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.10.2025 № 27 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы "Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындардың жұмысы туралы есеп" (индексі 1-ВК, кезеңділігі жылдық) (бұдан әрі – статистикалық нысан) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы нұсқаулықта келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) су бұру жүйесі - сарқынды суларды жинауға, тасымалдауға, тазалауға және бұруға арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені;

2) сумен жабдықтау жүйесі – суды жинауға, сақтауға, дайындауға, беруге және оны тұтыну орындарына бөлуге арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені.

3. Елді мекендегі екі не одан көп су құбырлары бір кәсіпорынға біріктірілсе, онда елді мекен бойынша бір статистикалық нысан ұсынылады.

Су құбыры кәсіпорны сумен бірнеше елді мекенді қамтамасыз еткен кезде статистикалық нысан әрбір елді мекен бойынша толтырылады және орналасқан орны бойынша аумақтық статистика бөлімшесіне тапсырылады.

Су құбырларын немесе бөлек су құбыры желілерін бір кәсіпорыннан басқаға берген кезде статистикалық нысан басқаға бергенге дейінгі (кейінгі) нақты жұмыс істеген уақытына жеке толтырылады. Жеке су құбыры желісіне су жинайтын және тазартатын имараттары жоқ су құбыры шаруашылығы; тек басқа ұйым, кәсіпорынның су құбырынан келетін суды бөлетін көшедегі желі жатады.

Егер елді мекенде екі немесе одан да көп бөлек шаруашылық-нәжістік немесе жалпы ағызатын су бұру жүйелері бар шаруашылыққа біріксе, онда елді мекен бойынша бір статистикалық нысан жасалады.

Су бұру жүйелерінің шаруашылығы кәріздік желісі есеп беретін ұйымның балансында тұрған басқа елді мекендердің су бұру жүйесінің жеке желісінен су алады, ол әрбір елді мекеннің су бұру жүйесінің шаруашылығына жеке статистикалық нысандар жасайды және барлық статистикалық нысандар өзінің тұрған жеріндегі аумақтық статистика бөлімшесіне ұсынады.

Жалдаудағы және концессиядағы имараттар мен сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің желілері статистикалық нысанның қамту алаңына енгізіледі. Концессия қызметі концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарында жүзеге асырылатын концессия объектілерін құруға (реконструкциялауға) және пайдалануға бағытталған.

Егер есепті жылы елді мекенде жергілікті атқарушы органдардың балансындағы және шаруашылық жүргізуші субъектілерге сенімгерлік басқаруға берілмеген, пайдалануға беру актісіз жұмыс істейтіндер, иесіз сумен жабдықтау және су бұру құрылыстары мен желілері болса, онда статистикалық нысан бойынша есепті жергілікті атқарушы орган ұсынады, бар мәліметтер бойынша бланктің тиісті бөлімдері толтырылады.

#### 4. Статистикалық нысан:

1) кәріз деп саналмайтын бұратын құбырлары жоқ сарқынды суларды ағызуда арналған имараттарға;

2) бір иеліктегі ғимаратқа қызмет көрсететін, сарқынды суларды одан тыс ағызбайтын қарапайым құрылыстағы аула кәріздеріне;

3) өнеркәсіп кәсіпорындарынан, құрылыс, көлік және тағы басқа ұйымдардан тек қана техникалық сарқынды суларды бұратын су бұру жүйелерінің шаруашылығы кәсіпорындарына (ұйымдарына);

4) тек қана атмосфералық сарқынды суларды бұратын кәріз кәсіпорындарына (нөсер кәріздері);

5) ұңғымалары бар және оны тек меншікті қажеттіліктері үшін пайдаланатын ұйымдарға;

б) қазылған шұңқырларды, тұндырғыштарды, септиктерді босату және тазалау (су тартып шығару); дәретханаларды химиялық өңдеу бойынша қызмет көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілерге толтырылмайды.

Нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес осындай жағдайда есеп нөлдік деректермен статистикалық нысан бойынша ұсынылады.

5. 2 – бөлімнің 1-жолында су құбыры құрылыстарының саны көрсетіледі, 2-жолда-құрылыстардың жалпы санынан жалға алынған немесе концессиядағы құрылыстардың саны бөлінеді.

3-жол бойынша есеп беретін респонденттің балансында тұрған жекелеген су құбыры желілерінің саны көрсетіледі. 3.1-жолда жалға берілетін немесе концессиядағы су құбыры желілері бөлінеді.

4-жолда жыл соңына су құбыры желісіне орнатылған көшедегі барлық жұмыс істеп тұрған су таратқыштар (будкалар, колонкалар, шүмектер) көрсетіледі.

5-жолда орталықтандырылған сумен жабдықтаудың барлық жүйесі бойынша авариялардың жалпы саны көрсетіледі, олардың уақыт бойынша ұзақтығы құбырдың қойылған тереңдігі екі метрге дейін болса сегіз сағаттан астам, құбырдың қойылған тереңдігі екі метрден асса он екі сағаттан астам уақытты құрайды. Аварияларға сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерді тоқтатуға немесе көлемін айтарлықтай азайтуға, ауыз су сапасына және халықтың денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруге әкеп соққан сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің немесе жекелеген имараттардың, жабдықтардың, құрылғылардың бұзылуы немесе істен шығуы жатады. Аварияны жоюдың есептік уақыты статистикалық нысанға қосымшадағы сумен жабдықтау жүйелерінің құбырларындағы аварияларды жоюдың есепті уақытымен айқындалады.

5.1-жолда сумен жабдықтау жүйесі желілеріндегі авариялардың саны бөліп көрсетіледі.

6-жолда есепті кезең соңына көппәтерлі тұрғын үйлерде орнатылған үйге ортақ есепке алу құралдарының саны көрсетіледі.

6-жолда көрсетілген орнатылған бір үйге ортақ есепке алу құралдарының жалпы санынан 6.1-жол бойынша деректерді қашықтықтан беру құрылғыларымен жабдықталған, орнатылған есепке алу құралдарының (радиомодульдік есепшілер) саны туралы деректер көрсетіледі.

7-жолда есепті кезең соңына тұрғын пәтерлерде және ұйымдарда орнатылған жекелеген есепке алу құралдарының саны бар болған жағдайда көрсетіледі.

7-жолда көрсетілген орнатылған жеке құралдарының жалпы санынан 7.1-жол бойынша деректерді қашықтықтан беру құрылғыларымен (радиомодульдік есепқұралдары) жабдықталған, орнатылған жеке есепке алу құралдарының саны туралы деректер көрсетіледі.

Жергілікті атқарушы органдар 1, 3, 4, 5-жолдар бойынша мәліметтерді толтырады.

6. 3-бөлімнің 1-жолында су бұру жүйесі құрылыстарының саны көрсетіледі, 1.1-жолда жалға алынған немесе концессиядағы су бұру жүйесі құрылыстарының саны бөлінеді.

2-жол бойынша – есеп тапсыратын кәсіпорынның балансында тұрған су бұру жүйесінің жекелеген желілерінің саны, 2.1-жолда жалға алынған немесе концессиядағы су бұру жүйелерінің желілері бөлінеді.

3-жолда орталықтандырылған барлық су бұру жүйесі бойынша авариялардың саны көрсетіледі. Сарқынды сулардың бетіне шығарылуына әкеп соққан авариялар ескеріледі.

3.1-жолда су бұру жүйесі желілеріндегі авариялардың саны бөліп көрсетіледі.

Жергілікті атқарушы органдар 1, 2 және 3-жолдар бойынша мәліметтерді толтырады.

7. 4-бөлімнің 1.1, 1.2 және 1.3-жолдары бойынша жыл соңына сутартқыштардың, көшедегі желілер, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің және су құбыры желісі бойынша жеке ұзындығы көрсетіледі.

Көшедегі су құбыры желісіне көшелер, жол өту, аллеялар, жағалаулар бойымен салынған құбырлар желісі кіреді. Көшедегі су құбыры желісіне қосу үшін үй иелігіндегі аумақта салынған құбыр желісі аула ішіндегі желіге жатқызылады.

1.1.1, 1.2.1 және 1.3.1-жолдар бойынша сутартқыштар, көшедегі желілер, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің ұзындығы және жеке су құбыр желісі бойынша ауыстыруды қажет ететіндері көрсетіледі.

Сутартқыштың ұзындығы бір тінге салынған құбырлардың ұзындығымен анықталады. Сутартқыштарға су жиналған жерден (сумен қамту көзінен) көшедегі су тарату желісінің бірінші бөлгішіне дейін жүргізілген су құбырлар жатады. Сутартқыш екі не одан көп құбырлардан тұрса, онда әрбір құбырдың ұзындығы бөлек есептеледі.

2-жолда ауыстырылған су құбырлары желілерінің ұзындығы көрсетіледі. Ауыстырылған желілердің жалпы санынан 2.1-жолда сутартқыштарды ауыстыру, 2.2-жолда көшедегі желілерді ауыстыру, сондай-ақ 2.3-жолда орам ішіндегі және аула ішіндегі желілерді ауыстыру бөліп көрсетіледі.

3-3.2.3-жолдар бойынша барлық қаржыландыру көздерінен жөнделген су құбырлары желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

4-жолда барлық тозған су құбырлары желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

8. 5-бөлімнің 1.1, 1.2 және 1.3-жолдарында жыл соңына бас коллекторлардың, көшедегі желілердің, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің ұзындығы су бұру жүйесінің желісі бойынша жеке көрсетіледі.

1.1.1, 1.2.1 және 1.3.1-жолдарда бас коллекторлардың, көшедегі су желілердің, орам ішіндегі және аула ішіндегі желілердің және ауыстыруды қажет ететін кәріздік желі бойынша ұзындығы бөлек көрсетіледі.

2-жолда ауыстырылған су бұру жүйелері желілерінің ұзындығы көрсетіледі. Ауыстырылған желілердің жалпы санынан 2.1-жолда бас коллекторларды ауыстыру, 2.2-жолда көшедегі желіні ауыстыру, сондай-ақ 2.3-жолда орам ішіндегі және аула ішіндегі желілерді ауыстыру бөлініп көрсетіледі.

3-жолда барлық қаржыландыру көздері есебінен жөнделген су бұру жүйелері желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

4-жолда барлық тозған су бұру жүйелері желілерінің ұзындығы көрсетіледі.

4. 1 және 5.1-ішкі бөлімдерде елді мекендер бойынша сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерінің желілерінің ұзындығы, сондай-ақ тозған желілердің ұзындығы бойынша деректер көрсетіледі.

9. 6-бөлімнің 1.1.1-жолында барлық өндірістік қуаттылық, кәсіпорында (ұйымда) бар жұмыс істеп тұрған немесе әр түрлі себептермен бос тұрған (жөндеу, жұмыс тәртібі) жыл соңында барлық орнатылған сорғылардың өнімділігін қосумен анықталатын I көтерімдегі барлық сорғы станцияларының өнімділігі көрсетіледі. Резервтегі сорғылардың (вакуум сорғыларының, эжекторлардың) өнімділігі бұл көрсеткішке қосылмайды.

I көтерімдегі сорғы станцияларына тікелей су алу көздеріне арналған (өзендер, теңіздер, көлдер, су қоймалары және скважиналар), кейін ол тазарту имараттарына немесе тікелей тұтынушыларға берілетін станциялар жатады. Осындай станциялар су тарту имараттарымен бірлескен немесе жеке ғимаратта орналасуы мүмкін.

1.1. 2 және 1.1.3-жолдар бойынша кәсіпорында (ұйымда) бар жұмыс істеп тұрғанына немесе әртүрлі себептермен бос тұрғандығына (жөндеуде, жұмыс тәртібінде) қарамастан осы типтегі барлық орнатылған сорғылардың өнімділігін қосумен анықтаталатын II және III көтерімдегі сорғы станцияларының өнімділігі көрсетіледі. Әрбір сорғының өнімділігі дайындаушы зауыттың техникалық паспортында көрсетілген деректері бойынша есептеледі. Резервтегі сорғылардың, өрт сорғыларының (арнайы құрылғы ретінде) және қосалқы сорғылардың (вакуум сорғыларының, эжекторлардың) өнімділігі бұл көрсеткішке қосылмайды.

II көтерімдегі сорғы станцияларына тазарту имараттарынан кейін су беруге арналған станциялар жатады (әдетте, таза су резервуарларынан), сондай-ақ бірінші көтерімдегі сорғы станцияларынан тазартусыз өнеркәсіп кәсіпорындарына беру үшін осы станциялар шаруашылық – ауыз сумен қамтасыз ету жүйесінде (ашық су көздерінен кейін тазартумен су алу) бірінші көтерімдегі сорғы станцияларымен біріккен болуы мүмкін. III және кейінгі көтерімдегі сорғы станциялары алдыңғы көтерімдегі станциялардан келетін суды беруге арналған.

1. 2-жолда су құбыры тазарту имаратының өнімділігі көрсетіледі, ол сүзгіден өткізетін жоғары бетінің ауданы және сүзгіден өткізу жылдамдығы туралы деректер негізінде барлық жолда бар сүзгілер мен түйіспелі жарық берушілердің өткізу қабілетін қосу жолымен анықталады.

2-жолда су беруді шектейтін негізгі су құбыры имараттарының өнімділігі есебінде тәулігіне желіге жіберілетін ең жоғары су көлемімен анықталатын: ұңғымалардың немесе ашық су бас тоғанының, бірінші көтерімдегі сорғы станцияларының, тазарту имараттарының, екінші көтерімдегі сорғы станцияларының, сутартқыштардың өнімділігі көрсетіледі.

3 - 3.3-жолдарда I, II және III көтерімдегі сорғы станцияларының саны көрсетіледі.

10. 7-бөлімнің 1-жолындағы деректер су өлшеуіштердің көрсеткіштері негізінде, ал су өлшеуіш болмаған жағдайда, сорғы жұмысының уақыты бойынша және олардың бір сағаттағы белгіленген өнімділігі немесе басқа да ең дәл, есептеу тәсілімен (сорғы станцияларының аумағында орналасқан резервуарлардың көлемі бойынша), сорғы станцияларының техникалық журналдарындағы күнделікті жазбалар бойынша анықталады. Өздігінен ағатын су құбырлары мен бөлек су құбыры желілері бойынша бұл көрсеткіш толтырылмайды. Аралас су құбыры бойынша (су алу тәсілі бойынша) шаруашылықтағы бар I көтерімдегі сорғымен тек нақты көтерілген судың көлемі ғана көрсетіледі.

2-жолда желіге берілген су көлемі су құбырының бөлу желісімен көшедегі жалғасатын жеріндегі су тартқышқа орнатылған су өлшеуіштің деректері бойынша техникалық журналдардағы күнделікті жазбаларға сәйкес анықталады. Су иірімінде су өлшеуіштер болмаған жағдайда, желіге берілген судың көлемі су құбырының типіне байланысты анықталады:

1) тазарту имараттарымен жабдықталған механикалық су құбырларында – өз қажетіне тұтынылған суды шегергендегі тазарту имараты арқылы өткізілген судың көлемі туралы деректер бойынша;

2) механикалық су құбырларында тазарту имараты болмаған жағдайда, әдетте I көтерімдегі сорғымен көтерілген судың көлемі желіге берілген судың көлеміне тең;

3) өздігінен ағатын су құбырларында - сумен жабдықтау көздерінен шығатын суға орнатылған су өлшеуіш бойынша немесе тұтынушылардың желісіне қондырылған (егер желіге берілген барлық су сол арқылы өтетін болса) бақылау су өлшеуіш бойынша немесе сутартқыш құбырлардың қиылысуы мен олардағы су ағысының жылдамдығы бойынша анықталады.

2. 3-жолда басқа жақтан алынған су көрсетіледі. Бұл жолды әртүрлі ведомстволарға қарайтын өнеркәсіптік және басқа да су құбырларынан суды (сатып алатын) алатын кәсіпорындар толтырады. Басқа жақтан алынған су есепті жыл ішінде өлшеу құралдарының көрсеткіштері негізінде жазылған, жабдықтаушы шоттарының деректері бойынша анықталады.

3-жолдың деректері осы имараттарда орнатылған су өлшеуіштер бойынша анықталады. Тазарту имараттарында су өлшеуіштер болмаған жағдайда жіберілген

судың көлемі I көтерімдегі сорғымен нақты көтерілген судан (егер барлық су осы тазарту имаратынан өткен болса) өз қажетіне тұтынылған суды алып тастағандағы көлемі бойынша анықталады.

Әртүрлі су құбыры шаруашылықтарындағы су көздеріне байланысты тазарту имараттарының құрамы әртүрлі болып келеді: тазарту имараттарының толық кешені, тек тұндырғыштар немесе сүзгіштер болады. Құрамына қарамастан тазарту имараттарынан өткізілген су ғана таза су болып саналады. Су тек қана хлорландырудан өткен болса, онда ол су тазарту имаратынан өткен болып саналмайды. Су құбыры шаруашылығы (су өлшеуіштері болмаған жағдайда) көтерген суынан басқа шеттен алынған (сатып алынған) суды тазартатын болса, онда судың нақты көтерілген көлемін анықтау үшін I көтерімдегі сорғы станциясы мен нақты көтерілген судың көлемін және шеттен алынған судың көлеміне қосып және одан алынған көлемнен есепті жыл ішінде өз қажетіне пайдаланған су шығынын алып тастау қажет.

4-4. 4-жолдарда халыққа, кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне, өндірістік қажеттіліктерге және басқа сумен жабдықтау жейлеріне, бөлек сумен жабдықтау желілеріне жіберілген су көрсетіледі. Судың жіберілуі су өлшеуіштердің көрсеткіші негізінде жазылып, көрсетілген абоненттік шоттар бойынша анықталады, су өлшеуіш болмаған жағдайда, тұтынушылардың әртүрлі санаттары үшін жергілікті атқарушы билік органдары белгілеген су шығысының нормасы бойынша анықталады.

6-жолда желіге берілген су көлемі, барлық тұтынушыларға жіберілген және жеке өндірістік қажеттіліктерге жұмсалған су көлемі арасындағы айырма ретінде анықталатын судың ысырап болуы және есепке алынбаған су шығыстары көрсетіледі. Судың ысырап болуы тұтынушыларға суды тасымалдау кезінде, сумен жабдықтау жүйелері құбырларының жарамсыздығынан, жапқыш арматуралар мен гидранттарды жалғастыру кезінде, сондай-ақ желідегі авария салдарынан болады. Судың ескерілмеген шығыстарына өрт сөндіру, өрт сөндіруді оқып-үйрену мақсатында суды пайдалану жатады.

7.1-ішкі бөлімде елді мекендер бойынша суды жіберу және ысырабы туралы деректер көрсетіледі.

11. 8-бөлімдегі 1.1-1.19-жолдарда тұтынушылардың экономикалық қызмет түрлері бойынша суды босату туралы мәліметтер көрсетіледі. 1.5-жолда "Сумен жабдықтау; сұ бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет" халыққа, кәсіпорындардың коммуналдық қажеттіліктеріне және сумен жабдықтау мен қалдықтарды басқару саласында қызмет атқаратын кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне берілетін су көрсетіледі.

12. 9-бөлімнің 1-жолында су бұру жүйесінің сорғы станцияларының саны көрсетіледі. 2-жолда су бұру жүйесінің сорғы станцияларының жобалық өнімділігі. Сорғы станцияларының жобалық өнімділігі сорғы жабдығының нормативтік-техникалық құжаттамасына сәйкес анықталады.

3-жолда су бұру жүйесінің тазарту құрылыстарының саны, 3.1 және 3.2-жолдар бойынша механикалық тазарту имараттарының саны және биологиялық тазарту имараттарының саны көрсетіледі. Балансында шаруашылық субъектілеріне сенімгерлік басқаруға берілмеген, пайдалануға беру актісінсіз жұмыс істейтіндер, иесіз механикалық және биологиялық тазарту су бұру жүйесінің құрылыстары бар жергілікті атқарушы органдар 3, 3.1 және 3.2- жолдарды толтыруы тиіс.

4-жол бойынша су бұру жүйесінің тазарту имараттарының өнімділігі көрсетіледі. Ол тазарту имараттарының барлық кешенін толық жүктеу және ағынды сұйықтықты тазалауға қойылатын белгіленген талаптарды сақтау кезінде осы құрылыстар тәулік ішінде өткізетін ағынды сұйықтықтың мөлшеріне тең. 4.1-жолдар бойынша-механикалық тазарту имараттары, 4.2-биологиялық тазарту құрылыстары.

5-жолда биологиялық тазарту имараттары бойынша кәсіпорынның жобалық құжаттамасына сәйкес ОБК5 (оттегіні биохимиялық тұтыну) бойынша тазартудың есептік тиімділігі көрсетіледі.

6-жолда жабдықталған сарқынды суларды қабылдайтын ағызу станцияларының саны көрсетіледі.

13. 10-бөлімнің 1-жолында бір жыл ішінде су бұру жүйесімен өткізілген барлық сарқынды су көлемі көрсетіледі. Есепті жылы су бұру жүйесі имараты арқылы өткізілген сарқынды сулардың (өндірістік-техникалық, шаруашылық-нәжістік сарқынды сулар, сондай-ақ коммуналдық кәсіпорындардың суларын қоса) нақты мөлшері абоненттерге ұсынылған шоттар бойынша анықталады. Су бұру жүйелерін тазарту имараттарына елді мекеннің немесе кәсіпорынның су бұру жүйесіндегі сарқынды сулар құрамындағы ластауыштардан тазартуға арналған инженерлік имараттар кешені жатады.

Абоненттен бұрып ағатын сарқынды судың көлемі су құбырынан алынған су көлеміне тең қабылданады.

Егер абонентте сумен қамтамасыз етудің басқа көздері болса (меншікті бас тоған, басқа су құбыры), онда кәрізге жіберілетін сарқынды су көлемі абонент алатын су есебінің деректері бойынша (өлшеу құралдарының, сорғы өнімділігі, технологиялық қажеттіліктерге жұмсалған су шығысына және тағы басқа) немесе сарқынды судың нақты көлемін өлшеу бойынша анықталады.

Ауыз су жартылай фабрика болған жағдайда шығарылатын өнім құрамына кіреді және кәрізге жіберілмейді, кәрізге жіберілетін ағыстың көлемін анықтау барысында ол есептелмейді.

Тұрмыстық тұтыну үшін суды пайдаланатын, елді мекеннің су бұру жүйесіне тікелей қосылмаған, сұйық тұрмыстық қалдықтарды әкету және оларды елді мекеннің су бұру жүйесіне ағызу үшін арнайы автокөлік қызметтерін пайдаланатын

тұтынушылардың көрсетілген су бұру қызметтерінің көлемі ағызу пунктінде (станцияда) елді мекеннің су бұру жүйесіне қабылданған сарқынды сулардың нақты көлеміне теңдеп қабылданады.

10-бөлімінің 1.1-жолда жіберілген сарқынды судың жалпы көлемінен басқа кәріздерден немесе жекелеген кәріздік желілерден қабылданған сарқынды судың көлемі бөліп көрсетіледі.

2-жол бойынша ағызу пунктінде елді мекеннің су бұру жүйесіне қабылданған сарқынды сулардың көлемі көлік құралы сыйымдылығының көлемі бойынша айқындалады.

3-жолда су бұру жүйелері тазарту имараттары арқылы өткізілген ағынды сулардың мөлшері көрсетіледі, ол осы имараттардағы өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша анықталады және бір жыл ішінде абоненттерден тазарту станциясына келіп түскен ағынды сұйықтықтың жалпы көлемін құрайды.

Тазартылған сарқынды сулардың жалпы санынан биологиялық тазарту имараттары арқылы өткізілген сарқынды сулардың көлемі бөлінеді (3.1 – жол), одан 3.1.1-жол бойынша-тазартумен, мысалы төгінді сүзгілер, микроситалар, биотоғандар, жинақтағыш-буландырғыштар, жинақтағыштар және басқалар.

10-бөлімнің 4-жолы бойынша табиғи су объектілеріне (өзен, көл, теңіз) ағызылған тазартылған сарқынды сулардың көлемі, олардың ішінде 4.1 – жолы бойынша-нормативке сай тазартылған, 4.2-жолы бойынша-жеткіліксіз тазартылған туралы ақпарат көрсетіледі.

Тазалау тиімділігі механикалық және биологиялық тазартудың тазарту имараттары арқылы өткізілген барлық ағынды суға қатысты ағын сулардан алыстатылған ластану мөлшерімен анықталады.

5-жол бойынша биологиялық тазарту имараттары бойынша ОБК5 бойынша тазартудың нақты тиімділігі көрсетіледі.

6-жолда басқа кәріздердің тазарту имараттарына берілген сарқынды сулардың көлемі көрсетіледі

Жекелеген кәріздік желілер жіберілген сарқынды сулардың барлық көлемін, 6-жолдағы басқа кәріздердің тазарту имараттарына жіберілгенді қоса көрсетеді.

7-жол бойынша есепті кезең ішінде пайда болған тұнбаның (тұнбаның) көлемі көрсетіледі.

8-жол бойынша есепті жылы әкетілген және (немесе) қайта өңделген шөгінділердің (тұнба) көлемі қойылады.

14. Есепті кезеңде қызмет болмаған кезде респондент "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) белгіленген тәртіпте ұсынады.

15. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған "Респонденттің кабинеті" (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

16. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 4-бөлім: 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3-жолдардың  $\sum$ ;

2-жол = 2.1, 2.2, 2.3-жолдардың  $\sum$ ;

3-жол = 3.1, 3.2-жолдардың  $\sum$ ;

3.1-жол  $\geq$  3.1.1, 3.1.2, 3.1.3-жолдардың  $\sum$ ;

3.2-жол  $\geq$  3.2.1, 3.2.2-жолдардың  $\sum$ ;

4-жол  $\leq$  1-жолға.

2) 5-бөлім: 1-жол = 1.1, 1.2, 1.3-жолдардың  $\sum$ ;

2-жол = 2.1, 2.2, 2.3-жолдардың  $\sum$ ;

3-жол  $\geq$  3.1, 3.2, 3.3-жолдардың  $\sum$ ;

4-жол  $\leq$  1-жолға.

3) 7-бөлім: 2-жол = 2.1, 2.2, 2.3-жолдардың;

2-жол = 4,5,6 - жолдардың  $\sum$ ;

4-жол  $\geq$  4.1, 4.2, 4.3, 4.4-жолдардың  $\sum$ ;

6-жол  $\leq$  2-жолы – 4-жолы – 5-жолы бойынша жол берілетін бақылау.

4) 8-бөлім: 1-жол = 1.1-1.19-жолдардың  $\sum$ ;

1-жол = 7- бөлімнің 4-жолға;

5) 10-бөлім: 1.1-жол  $\leq$  1-жолға;

3-жол  $\leq$  1-жолға;

3-жол  $\geq$  3.1-жолға;

3.1.1-жол  $\leq$  3.1;

4-жол  $\geq$  4.1 және 4.2 жолдарының  $\sum$ .

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика

министрлігінің

Статистика комитеті

төрағасының

2020 жылғы 21 ақпандағы

№ 24 бұйрығына

13-қосымша



1. Укажите населенный пункт, район, город, область с территории которого осуществляется сбор и вывоз коммунальных отходов (независимо от места регистрации юридического лица и (или) его структурного и обособленного подразделения и индивидуального предпринимателя)

|  |
|--|
|  |
|--|

Әкімшілік - аумақтық объектілер жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес аумақ коды (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште тапсырған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)

1.1 Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО ) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при сдаче респондентом статистической формы на бумажном носителе)

|  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|

**2. Қалдықтармен айналысу тәсілдерін көрсетіңіз (коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару) ("**

**✓**  
" белгісімен белгілеңіз)

Укажите способы обращения с отходами (сбор и вывоз коммунальных отходов) (отметьте знаком "

**✓**  
")

01. Үй шаруашылықтарының қалдықтарын жинау  
Сбор отходов домашних хозяйств

02. Базарлар, кәсіпорындар, бақтар, саябақтар, көшелер аумақтарынан қалдықтарды жинау  
Сбор отходов с территорий рынков, предприятий, садов, парков, улиц

03. Қайта өңделетін (сортталатын) қалдықтарды жинау  
Сбор перерабатываемых (сортируемых) отходов

04. Қалдықтарды тасымалдау  
Транспортировка отходов

05. Қалдықтарды қайта өңдеу (сорттау)  
Переработка (сортировка) отходов

06. Қалдықтарды кәдеге жарату  
Утилизация отходов

07. Қалдықтарды көму  
Захоронение отходов

**3. Жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі, тоннамен**

## Объем собранных коммунальных отходов, в тоннах

|      | Көрсеткіш атауы<br>Наименование показателя  | Жиналған коммуналдық қалдықтардың көлемі<br>Объем собранных коммунальных отходов |
|------|---|--|
| А    | Б   | 1  |
| 1    | Барлығы<br>Всего  |  |
|      | соның ішінде:<br>в том числе:   | х  |
| 1.1  | тамақ қалдықтары<br>пищевые отходы  |  |
| 1.2  | макулатура, картон және қағаз қалдықтары<br>макулатура, картон отходы<br>бумаги   |  |
| 1.3  | шыны сынықтары<br>стеклобой   |  |
| 1.4  | пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтары және полиэтилентерeftалат орамасы отходы пластмассы, пластика, полиэтилена и полиэтилентерeftалатовая упаковка |  |
| 1.5  | электрондық және электр жабдықтары<br>электронное и электрическое оборудование  |  |
| 1.6  | металдар<br>металлы   |  |
| 1.7  | шиналар<br>шины   |  |
| 1.8  | киім, тоқыма<br>одежда, текстиль  |  |
| 1.9  | көшетазалау қалдықтары<br>отходы уборки улиц  |  |
| 1.10 | базарлардың қалдықтары<br>отходы рынков   |  |
| 1.11 | өзге де аралас қалдықтар<br>прочие смешанные отходы   |  |
| 2    | Үй шаруашылықтарының қалдықтарын 1-жолдан көрсетіңіз<br>Выделите из строки 1 отходы домашних хозяйств   |  |

## 4. Тасымалданған қалдықтардың көлемі, тоннамен

Объем транспортированных отходов, в тоннах

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

|   | Көрсеткіш атауы<br>Наименование показателя   | Тасымалданған қалдықтардың көлемі<br>Объем транспортированных отходов |
|---|--|---|
| A | B  | 1   |
| 1 | Барлығы<br>Всего   |   |
|   | соның ішінде:<br>в том числе:  | x   |
| 2 | тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигондарға<br>на полигоны для твердо-бытовых отходов                                  |   |
| 3 | бөгде ұйымдарға/қоқысты қайта өңдеу зауыттарына берілгені<br>передано сторонним организациям /мусороперерабатывающим заводам |   |
| 4 | қалдықтарды басқару жөніндегі меншікті объектілер<br>на собственные объекты по управлению отходами                           |   |
| 5 | өзгелері<br>прочие   |   |

### 5. Қалдықтар берілген объектінің деректемелерін көрсетіңіз

Укажите реквизиты объекта, куда были переданы отходы

| р/с №<br>п/п№ | Объектінің атауы<br>Наименование объекта | Қалдықтарды басқару объектілерінің анықтамалығы бойынша коды<br>Код по справочнику объектов управления отходами | Кәсіпорынның атауы<br>Наименование предприятия | БСН коды<br>Код БИН | Шығарылған қалдықтардың көлемі, тонна<br>Объем вывезенных отходов, тонн |
|---------------|--|---|--|---------------------|---|
|               | A  | B   | C  | D                   | 1   |
| 1             |  |   |  |                     |   |
| 2             |  |   |  |                     |   |
| 3             |  |   |  |                     |   |
| 4             |  |   |  |                     |   |
| 5             |  |   |  |                     |   |
| 6             |  |   |  |                     |   |
| 7             |  |   |  |                     |   |
| 8             |  |   |  |                     |   |
| 9             |  |   |  |                     |   |
| 10            |  |   |  |                     |   |
| 11            |  |   |  |                     |   |

|    |  |  |  |  |  |
|----|--|--|--|--|--|
| 12 |  |  |  |  |  |
| 13 |  |  |  |  |  |
| 14 |  |  |  |  |  |
| 15 |  |  |  |  |  |
| 16 |  |  |  |  |  |
| 17 |  |  |  |  |  |
| 18 |  |  |  |  |  |
| 19 |  |  |  |  |  |

**9. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты, сағатпен (қажеттісін қоршаныз)**

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

|                 |     |     |     |      |                   |
|-----------------|-----|-----|-----|------|-------------------|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |
| до 1 часа       |     |     |     |      | более 40 часов    |

Ескертпе:

Примечание:

<sup>1</sup>Осы статистикалық нысанның "Қалдықтарды басқару объектілері" қосымшасына сәйкес

<sup>1</sup>Согласно приложению "Объекты управления отходов" к данной статистической форме

Атауы Мекенжайы (респонденттің)

Наименование \_\_\_\_\_ Адрес \_\_\_\_\_

(респондента) \_\_\_\_\_

Телефоны (респонденттің) \_\_\_\_\_

Телефон(респондента)                      стационарлық                      ұялы

стационарный                      мобильный

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің) \_\_\_\_\_

Адрес электронной почты (респондента)

Орындаушы

Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты                      қолы, телефоны (орындаушы)

фамилия, имя и отчество                      подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты қолы (бас бухгалтер)  
фамилия, имя и отчество подпись (главного бухгалтера)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы  
Руководитель или лицо, исполняющее  
его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты қолы  
фамилия, имя и отчество подпись

**Ескертпе:**

Примечание:

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады**

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

"Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару туралы есеп" (индексі 1-қалдықтар, кезеңділігі жылдық)  
статистикалық нысанына  
қосымша  
Приложение  
к статистической форме "Отчет о сборе и вывозе коммунальных отходов" (индекс 1-отходы, периодичность, годовая)

### Қалдықтарды басқару объектілері Объекты управления отходов

| р/с №<br>№п/п | Коды<br>Код | Аталуы<br>Наименование   |
|---------------|-------------|--|
| 1             | 01          | Полигон<br>Полигон   |
| 2             | 02          | Үйінді<br>Свалка   |
| 3             | 03          | Қалдықтарды қайта өңдеу<br>бойынша объект<br>Объект по переработке отходов |
|               |             |  |

|   |    |   |
|---|----|---|
| 4 | 04 | Қалдықтарды өртеу бойынша объект<br>Объект по сжиганию отходов                                    |
| 5 | 05 | Қалдықтарды қайта өңдеу үшін бөлінген жеке алаңдар<br>Собственные площадки по переработке отходов |
| 6 | 09 | Басқа объектілер<br>Другие объекты  |

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы 21 ақпандағы  
№ 24 бұйрығына  
14-қосымша

**"Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару туралы есеп" (индексі 1-қалдықтар, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. 14-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 16.09.2022 № 25 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы нұсқаулық "Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару туралы есеп" (индексі 1-қалдықтар, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) қалдықтарды қалпына келтіруге немесе жоюға одан әрі жіберу мақсатында мамандандырылған ұйымдардың жеке және заңды тұлғалардан қалдықтарды ұйымдасқан түрде қабылдау жөніндегі қызметі қалдықтарды жинау деп түсініледі;

2) Коммуналдық қалдықтар деп мынадай тұтыну қалдықтары түсініледі:

өзгелермен қатар қағаз бен картонды, шыныны, металдарды, пластмассаны, органикалық қалдықтарды, сүректі, тоқыманы, қаптаманы, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтарды, батареялар мен аккумуляторларды қоса алғанда, үй шаруашылықтарының аралас қалдықтары мен бөлек жиналған қалдықтары;

егер аралас қалдықтар және басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар өзінің сипаты мен құрамы бойынша үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас болса, осындай қалдықтар;

3) қалдықтарды кәдеге жарату деп қалдықтарды қайта өңдеуден басқа өзге де мақсатта, оның ішінде жылу немесе электр энергиясын алуға, әртүрлі отын түрлерін өндіруге арналған қайталама энергетикалық ресурс ретінде пайдалану, сондай-ақ құрылыс салу, жердегі немесе жер қойнауындағы қазылған кеңістіктерді (бос жерлерді)

толтыру (салу, көму) мақсатында немесе ландшафтарды жасау немесе өзгерту кезінде инженерлік мақсатта қайталама материалдық ресурс ретінде пайдалану процесін түсінеді;

4) қалдықтарды көму – қалдықтарды алу ниетінсіз, шектелмеген мерзім ішінде қауіпсіз сақтау үшін қалдықтарды арнайы белгіленген орындарда жинап қою болып табылады;

5) қалдықтарды тасу деп қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, қалпына келтіру және (немесе) жою процесінде түзілген, жинақталатын орындар арасында арнайы көлікқұралдарының көмегімен қалдықтардың орнын ауыстыруға байланысты қызметін түсінеді;

6) қалдықтарды бөлек жинау деп қалдықтарды одан әрі мамандандырылған басқаруды оңайлату мақсатында оларды түрлері немесе топтары бойынша бөлек жинау түсініледі.

3. Статистикалық нысанды толтыруға коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару (тапсыру) бойынша бухгалтерлік және алғашқы есепке алу деректері негіз болып табылады.

Статистикалық нысанында 3, 4, 5-бөлімдер толтырылады. 2-бөлімде қалдықтардың жұмыс тәсілдерінің тиісті кодтары белгіленеді.

Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қалдықтармен жұмыс тәсілдерін жүзеге асыратын респонденттер бланкінің барлық бөлімдерін толтырады, 3-бөлім бойынша деректер "Жиналған коммуналдық қалдықтар көлемі" 1-бағаны бойынша көрсетіледі.

4. 1-бөлімде заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшесінің немесе дара кәсіпкердің тіркелу орнына қарамастан аумағынан коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығару жүзеге асырылатын елді мекен, аудан, қала, облыс көрсетіледі.

5. 2-бөлімде есепті кезеңде жүзеге асырылған қалдықтармен айналысу тәсілдерінің барлық түрлерін "" белгісімен көрсету қажет.

Коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды, сондай-ақ көмуді (сақтауға беру) жүзеге асыратын кәсіпорындар 2-бөлімнің сәйкес кодтарын белгілейді және " Қалдықтарды қайта өңдеу (сорттау), кәдеге жарату және көму (сақтауға беру) туралы есеп" (индексі 2-қалдықтар, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын тапсырады.

Бөлек жиналатын коммуналдық қалдықтарды жинауды жүзеге асыратын кәсіпорындар 2-ші бөлімнің 03 кодын міндетті түрде белгілеуі тиіс.

Егер кәсіпорындар қалдықтардан одан әрі өнімді өндіруде (дайындауда) пайдалану үшін жарамды пайдалы компоненттерді, шикізаты және (немесе) өзге де материалдарды алуға бағытталған операцияларды (престеу, ұсақтау, буып-түю) дербес жүзеге асырса, 2-бөлімнің 05-тармағы белгілінеді.

6. 3-бөлімде 1-ші жолында жиналған коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемі көрсетіледі.

1.1 – 1.10- жолдары бойынша бөлек жиналған қалдықтар түрлері сәйкес әрбір қалдық түрлерінің көлемі көрсетіледі.

1.5-жолда жиналған электр және электрондық есептен шығарылған жабдық көлемі көрсетілген.

1.9-жолда көшелерді жинау қалдықтарына саябақтардан, скверлерден, жасыл желек аймақтарынан жиналған қалдықтар, көшелерден жиналған қоқыстар қосылады. Оларға өсімдік тектес қалдықтар (жапырақтар, бұтақтар, пәлек, шөптер) және бейорганикалық қалдықтар жатады. Жолдарды, жер асты өткелдерін, қоғамдық көлік тұрақтарын, митингілер, демонстрациялар, ойын-сауық көріністер өткізгеннен кейін алаңдарды тазарту нәтижесінде жиналған қоқыс қосылады.

1.10-жол бойынша базарлар аумағынан жиналған тұрмыстық қалдықтардың көлемі көрсетіледі.

1.11-жолда бөлімнің басқа жолдарында көрсетілмеген, бөлек жиналатын өзге де аралас қалдықтар көрсетіледі.

2-жол бойынша үй шаруашылықтары жинақтайтын және қоқыс үшін бөлінген жерлерден жиналған қалдықтардың жалпы көлемінен (1-жол) жинақталған қалдықтар көлемі көрсетіледі. Бұл үй шаруашылықтарымен түзілетін тамақ қалдықтары, тамақ дайындаудан қалған қалдықтар, үй жинау және пәтерлерді ағымдағы жөндеуден, қалған қалдықтар, пайдаланудан шыққан аяқкиім, киім, шыныдан, пластмассадан қалған қалдықтар, басқа да көлемі кішкентай үй керек-жарағының заттары және бау-бақша қалдықтары.

7. 4-бөлімде тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі көрсетіледі.

2-жол бойынша одан әрі көму үшін ҚТҚ арнайы белгіленген полигондарына әкетілген қалдықтардың көлемі көрсетіледі.

Қоқыс өңдейтін зауытқа тасымалданған қалдықтардың көлемі, сондай-ақ қайта өңдеуге жататын және қайталама шикізатты алу үшін бөгде ұйымдарға берілетін бөлек жиналатын қалдықтар 4 бөлімнің 3 жолы бойынша көрсетіледі.

4-жолда кәсіпорынның балансында тұрған қалдықтарды басқару жөніндегі операциялар бойынша (қалдықтарды өңдеу, сұрыптау, қайта өңдеу) мамандырылған алаңдарға тасымалданған қалдықтар көлемі көрсетіледі.

5-жолда осы бөлімде есепке алынбаған қалдықтарды уақытша қоймалау үшін өзге объектілер (рұқсат етілмеген қоқыс жинау орындары).

8. 5-бөлімде қалдықтар орналасқан объекті (қалдықтар шығарылған жерлер) туралы ақпарат көрсетіледі.

"В" бағанында қалдықтарды басқару объектісінің сәйкес коды (полигон, қоқыс тастайтын жерлер, қалдықтарды қайта өңдеу бойынша объекті, қайта өңдеу бойынша өз алаңдары) статистикалық нысанға қосымшада келтірілген одан әрі қалдықтарды

басқару үшін "Қалдықтарды орналастыру объектілеріне" анықтамалығына сәйкес көрсетіледі. Материалдарды немесе заттарды одан әрі өндіруде (дайындауда) пайдалану үшін жарамды болатын пайдалы құрамдастарды, шикізатты және (немесе) өзге де материалдарды қалдықтарды пайнадалануға бағытталған, олардың мақсатына қарамастан, қалдықтарды басқару бойынша операцияларды өздігінен атқаратын кәсіпорындар "05" объект кодын "Қалдықтарды қайта өңдеу бойынша меншікті алаңдар" көрсетеді. Басқа елдердің аумағында орналасқан қайта өңдеу кәсіпорындарына тасымалданатын қалдықтар "09" "Басқа объектілер" кодын белгілейді.

"С" және "D" бағандарында осы орналастыру объектісі қандай кәсіпорынға жататыны туралы ақпарат көрсетіледі.

9. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналып бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

10. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған " Респонденттің кабинеті" арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

11. Ескертпе: X – аталған позиция толтыруға жатпайды.

12. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 3-бөлім 1-баған 1-жол =  $\sum$  1.1-1.11 жолдары;

2) 3-бөлім-2 жол  $\leq$  1 жолына;

3) 4-бөлім 1-баған 1-жол "Барлығы" =  $\sum$  2, 3, 4, 5 жолдары;

4) Бөлімдер арасындағы бақылау:

Егер 4-бөлім 3-жол  $\neq 0$  болса, онда 1.1-1.11 жолдарынан біреуі немесе бірнешеуі  $3 \neq 0$  (рұқсат етілген)

Егер 1.1-1.11 жолдарынан біреуі немесе бірнешеуі  $3 \neq 0$  болса, онда 2 бөлімде 03-тармағы белгіленуі керек.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігінің  
Статистика комитеті  
төрағасының

2020 жылғы 21 ақпандағы

№ 24 бұйрығына

15-қосымша

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.07.2023 № 14 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Приложение 15  
к  
приказу  
Председателя  
Комитета  
та  
постатистике  
Министерства  
национальной  
экономики  
Республики  
Казахстан  
от "21"  
февраля  
2020  
года  
№ 24



Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді  
Confidentiality is guaranteed by the organs of the state statistics  
Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны  
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Экономика Министрлігі  
Статистика комитеті

Қалдықтарды қайта өңдеу, сорттау, кәдеге жарату және көму туралы есеп

Отчет о переработке, сортировке, утилизации и захоронении отходов

| Индексі 2-қалдықтар | жылды кезең                             | есепті |     |            |
|---------------------|---|--------|-----|------------|
|                     |   | жыл    | жыл | жыл        |
| Индекс 2-отходы     | қ<br>отчетн<br>годовая<br>ы й<br>период |        |     | жыл<br>год |

Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің 38-кодына сәйкес (38.12.0 "Қауіпті қалдықтарды жинау" және 38.22.0 "Қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою" кодтарынан басқа) негізгі және (немесе) қосалқы қызмет түрлері "Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою бойынша қызметтер, материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)" болып табылатын барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және окшауланған бөлімшелері мен дара кәсіпкерлер ұсынады

Представляют все юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения и индивидуальные предприниматели с основным и (или) вторичным видами деятельности "Сбор, обработка и удаление отходов; утилизация (восстановление) материалов" согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности 38 (кроме 38.12.0 "Сбор опасных отходов" и 38.22.0 "Обработка и удаление опасных отходов")

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 1 ақпанға (қоса алғанда) дейін

Срок представления – до 1 февраля (включительно) после отчетного периода

БСН коды

Код БИН

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

ЖСН коды

Код ИИН

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

1. Қалдықтарды басқару объектісінің нақты орналасқан орнын көрсетіңіз (қалдықтарды басқару объектісі бар заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшесі мен дара кәсіпкердің тіркелген жеріне қарамастан) – облыс, қала, аудан, елді мекен

Укажите фактическое местонахождение объекта управления отходами (независимо от места регистрации юридического лица и (или) его структурного и обособленного подразделения и индивидуального предпринимателя имеющих объект управления отходами) – область, город, район, населенный пункт

|  |
|--|
|  |
|--|

1.1 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды ( респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште тапсырған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при сдаче респондентом статистической формы на бумажном носителе)

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

2. Қалдықтармен айналысу тәсілдерін көрсетіңіз (қалдықтарды қайта өңдеу, сорттау, кәдеге жарату және қалдықтарды көму ("



" белгісімен белгілеңіз)

Укажите способы обращения с отходами (переработка, сортировка, утилизация и захоронение отходов (отметьте значком "



")

05. Қалдықтарды қайта өңдеу,сорттау

Переработка, сортировка отходов

06. Қалдықтарды кәдеге жарату

Утилизация отходов

07. Қалдықтарды көму

Захоронение отходов

3. Келіп түскен қалдықтардың көлемін тоннамен көрсетіңіз

Укажите объем поступивших отходов, в тоннах

|  |
|--|
|  |
|--|

3.1 одан өздері шығаратын кәсіпорындардан және халықтан келіп түскен қалдықтар көлемі ,тоннамен

из них объем отходов, поступившихот самовывозящих предприятий и населения, в тоннах

|  |
|--|
|  |
|--|

4. Сортталған және қайта өңделген қалдықтармен бөгде ұйымдарға жіберілген қалдықтардың көлемін жылына тоннамен көрсетіңіз

Укажите объем отсортированных и переработанных отходов иотходов, переданных сторонним организациям, тонн в год

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

| Жол коды<br>К о д<br>строки | Көрсеткіш атауы<br>Наименование<br>показателя  | Сортталған<br>н<br>қалдықтар<br>д ы н<br>көлемі<br>Объем<br>отсортиро<br>ван-ных<br>отходов | Бөгде ұйымдарға бағытталған<br>қалдықтар көлемі<br>Объем отходов,направленных<br>сторонним организациям |  |   | Өнім алу үшін қайта<br>өңделген (қайталама<br>шикізат)<br>Переработано для<br>получения продукции<br>(вторичного сырья) |
|-----------------------------|--|---|---|--|---|---|
|                             |  |   | қайта<br>өңдеу<br>үшін<br>д л я<br>пере-работ<br>ки   | көмуге<br>арналған<br>д л я<br>захоронен<br>ия | басқа<br>мақсаттарғ<br>а<br>на прочие<br>цели |   |
|                             | А  | 1   | 2   | 3  | 4   | 5   |
| 1                           | Барлығы<br>Всего   |   |   |  |   |   |
|                             | соның ішінде:<br>в том числе:  |   |   |  |   |   |
| 1.1                         | тамақ қалдықтары<br>пищевые отходы   |   |   |  |   |   |
| 1.2                         | макулатура, картон<br>және қағаз<br>қалдықтары<br>макулатура, картон и<br>отходы бумаги  |   |   |  |   |   |
| 1.3                         | шыны сынықтары<br>стеклобой  |   |   |  |   |   |
| 1.4                         | пластмасса, пластик,<br>полиэтилен<br>қалдықтары және<br>полиэтилентерефталат<br>орамасы<br>отходы пластмассы,<br>пластика, полиэтилена<br>и<br>полиэтилентерефталат<br>о-вая упаковка |   |   |  |   |   |
| 1.5                         | электрондық және<br>электр жабдықтары<br>электронное и<br>электрическое<br>оборудование  |   |   |  |   |   |
| 1.6                         | металдар<br>металлы  |   |   |  |   |   |
| 1.7                         | шиналар<br>шины  |   |   |  |   |   |
| 1.8                         | киім, тоқыма<br>одежда, текстиль   |   |   |  |   |   |
| 1.9                         | көше тазалау<br>қалдықтары<br>отходы уборки улиц   |   |   |  |   |   |
|                             |  |   |   |  |   |   |

|      |   |  |  |  |  |                      |
|------|---|--|--|--|--|----------------------|
| 1.10 | базарлардын қалдықтары<br>отходы рынков   |  |  |  |  |                      |
| 1.11 | өзге де аралас қалдықтар<br>прочие смешанные отходы   |  |  |  |  |                      |
| 1551 | 077 | 1, 4 - Бензолдикарбонды қышқылы (терефтал қышқылы)               | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 1 |
| 1555 | 078 | Сірке қышқылы (Этан қышқылы)                                     | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1578 | 247 | 4-Метилпентан қышқылы (изокапрон қышқылы)                        | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |
| 1583 | 248 | L - 2 - Гидроксипропан қышқылы (сүт қышқылы)                     | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |
| 1601 | 249 | Изопропилбензолдың гидроасқынтотығы (кумолдың гидроасқын тотығы) | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1603 | 250 | 4,4-Диметилдиоксан -1,3  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1608 | 251 | Пропилен тотығы  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 1 |
| 1611 | 252 | Этилен тотығы  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1715 | 079 | Метантиол (метилмеркаптан)                                       | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 4 |
| 1716 | 253 | Табиғи меркаптандардың қоспасы (этилмеркаптанға есептелгенде)    | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 4 |
| 1722 | 254 | Тетраметилтиурамдисульфид ТМТД                                   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1726 | 255 | Тиофенол   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1728 | 080 | Этантиол   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1730 | 081 | Этенсульфид (Этиленсульфид)                                      | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 1 |
|      |     |  |                              |   |

|      |     |  |                              |   |
|------|-----|--|------------------------------|---|
| 1802 | 256 | 5/6 Амин, (2-парааминфенил) бензимидазол | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1803 | 257 | C15-C20 алифатты аминдер                 | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1804 | 258 | 2 Амино-1,3,5-триметилбензол (мезидин)   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1805 | 259 | Анилин                                   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1811 | 260 | 4-Бутиланилин                            | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |
| 1812 | 261 | 1-Аминобутан (н-Бутиламин)               | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 4 |
| 1813 | 262 | Гексаметилендиамин                       | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1819 | 120 | Гексаметиленимин                         | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1820 | 263 | Диметиланилин                            | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1830 | 264 | 3,4-Дихлоранилин                         | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1832 | 265 | Циклогексиламин                          | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1833 | 266 | Диэтиламин                               | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1834 | 267 | б - Диэтиламиноэтилмеркаптан             | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1847 | 268 | Монометиланилин                          | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1849 | 269 | Монометиланилин                          | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1851 | 270 | Моноэтиламин                             | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 4 |
| 1862 | 271 | Триметиламин                             | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1863 | 272 | Триэтиламин                              | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 1868 | 121 | 3-Хлоранилин                             | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 1 |
| 1869 | 273 | п-Хлоранилин                             | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1879 | 274 | Этиленимин                               | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 1 |
| 1880 | 275 | Ди (2-гидроксиэтил) амин (диэтаноламин)  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |

|      |     |  |                              |   |
|------|-----|--|------------------------------|---|
| 1891 | 276 | Ксилидин   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1901 | 277 | Бутилнитрит (азот қышқылының бутилді эфиірі)                     | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |
| 1905 | 122 | Нитробензол  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1906 | 278 | м-Нитробромбензол  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1919 | 279 | м-Нитрохлорбензол  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1920 | 280 | о-Нитрохлорбензол  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 1921 | 281 | п-Нитрохлорбензол  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 2001 | 123 | Проп-2-еннитрил  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 2009 | 282 | N , N 1 - Диметилацетамид  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 2011 | 283 | Дифенилметандинз одианат   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |
| 2016 | 284 | Метилизоцианит   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |
| 2021 | 285 | C17-C20 карбон қышқылының нитрилдері                             | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 2031 | 286 | Толуилендиизоцианат  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 1 |
| 2034 | 124 | Формаид (Құмырсқа қышқылының амиді )                             | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 2042 | 287 | 3 - О к с о N-фенилбутанамид (ацетоацетанилид)                   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | - |
| 2055 | 082 | Бензамид   | қатты                        | 3 |
| 2117 | 125 | О , О-Диэтилхлортиофосфат  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 2 |
| 2119 | 126 | 0,0-Диметил-0- (3-метил-4-нитрофенил ) – фосфат ( Метилнитрофос) | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 3 |
| 2303 | 288 | а-Нафтахинон   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ | 1 |
| 2418 | 127 | Пиридин  | газ тәріздес және сұйық      | 2 |

|      |     |  |   |   |
|------|-----|--|---|---|
| 2419 | 289 | Тетрагидрофуран  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ                | 4 |
| 2420 | 290 | Тиофен (тиофуран)  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ                | 4 |
| 2425 | 128 | Фуран-2-альдегид (Фурфурол, 2-Фуральдегид, 2-Фурфураль, 2-Фурфуральдегид)                                    | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ                | 3 |
| 2447 | 129 | 2-(2-1 Гидрокси-5-метилфенил)-бензтриазол (Гидроксиметилбензол (смесь изомеров о-, м-, п-) Трикрезол)        | ҰОҚ   | 4 |
| 2509 | 130 | Азықтық хлортетрациклин  | қатты                                       | 2 |
| 2602 | 084 | Ақуызды-дәруменді концентрат (АДК) (ақуыз бойынша)   | қатты                                       | 2 |
| 2701 | 085 | Аммофос (аммоний сульфатының қоспасы бар моно және диаммоний қоспасы)  | қатты                                       | 4 |
| 2704 | 086 | Бензин (мұнайлы, аз күкіртті) көміртекке қайта есептегенде   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ, көмірсүтіктер | 4 |
| 2705 | 291 | Тақтатасты бензин (көміртекке қайта есептегенде)   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ, көмірсүтіктер | 4 |
| 2706 | 087 | Қоңыр көмірдің жоғары жылдамдықтағы пиролизі жеңіл шайырының бензин фракциясы (көміртекке қайта есептегенде) | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ, көмірсүтіктер | 2 |
| 2731 | 088 | Эпоксидті ұнтақ бояу   | қатты                                       | 3 |
| 2735 | 089 | Минералды мұнайлы май (ұршықты, машиналы және тағы басқалар)   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ                | 4 |
| 2738 | 131 | Бутилформиантты еріткіш (ацетаттар   |   | 3 |

|      |     |   |   |   |
|------|-----|---|---|---|
|      |     | қосындысы бойынша) (БЭФ)  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ                |   |
| 2748 | 132 | Скипидар көміртекке қайта есептегенде)  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ                | 4 |
| 2750 | 292 | Сольвент  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ, көмірсүтіктер | - |
| 2752 | 293 | Уайт-спирит   | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ, көмірсүтіктер | - |
| 2753 | 133 | Белсендірілген шайыршықты флюс (шайыршық бойынша бақылау)   | қатты                                       | 4 |
| 2754 | 143 | С-ға есептелген С12-19 алкандар аударғанда/ С12-С19 шектелген көмірсутектері (С-ға қайта есептелген); РПК-265 II еріткіштері              | ҰОҚ/көмірсутектер                           | 4 |
| 2755 | 140 | ФЛОКР-3 Флотореагенті (хлор бойынша)  | газ тәріздес және сұйық                     | 2 |
| 2756 | 090 | Қоңыр көмірдің жоғары жылдамдықтағы пиролиз жеңіл шайырының фенол фракциясы   | ҰОҚ   | 2 |
| 2902 | 091 | Өлшенген бөлшектер  | қатты                                       | 3 |
| 2904 | 093 | Мазут күлі (ванадийге қайта есептегенде)  | қатты                                       | 2 |
| 2906 | 134 | Мелиорант (қоспалар: кальций карбонаты, хлорид, сульфат - 79%, кремний диоксид-10-13%, магний оксиді - 3,5%; темір оксиді-1,6% және т.б.) | қатты                                       | 4 |
| 2907 | 094 | Қос тотықты кремнийі бар бейорганикалық тозаң, % > 70   | қатты                                       | 3 |
|      |     |   |   |   |

|      |     |  |       |   |
|------|-----|--|-------|---|
| 2908 | 095 | Қос тотықты кремнийі бар бейорганикалық тозаң, %-бен: 70-20 (цемент өндірісінің шамот, цемент, тозаңы - балшық, балшықты тақтатас, домна қожы, құм, клинкер (кремнезелі күлі, қазақстандық кен орындарының көмір күлі және т.б.) | қатты | 3 |
| 2909 | 141 | Құрамында кремнийі бар бейорганикалық тозаң, %-бен берілген - 20-дан кем (цемент өндірісінің доломиті, тозаңы- әктас, бор, тұқылдар, шикізат қоспасы, айналмалы пештің тозаңы, боксит және т.б.)                                 | қатты | 3 |
| 2910 | 096 | Құрғақ карбомид желімінің тозаңы   | қатты | 4 |
| 2911 | 097 | Құрама жем тозаңы (ақуызға қайта есептегенде)  | қатты | 4 |
| 2912 | 135 | Сүйек ұнының тозаңы/ ақ уызға қайта есептегенде/   | қатты | 4 |
| 2914 | 098 | Фосфогипстен цемент қосылған тұтқыр гипсті (бейорганикалық) тозаң  | қатты | 4 |
| 2915 | 136 | Шыныталшық тозаңы  | қатты | 4 |
| 2916 | 099 | Шыныпластик тозаңы   | қатты | 4 |
| 2917 | 100 | Мақта тозаңы (зығыр тозаңы)  | қатты | 3 |
| 2918 | 101 | Цемент өндірісінің тозаңы (60% кальций оксиді бар)   | қатты | 4 |
|      |     | Жылу электрстанциялары көмірінің күлі (  |       |   |

|      |      |   |  |   |
|------|------|---|--|---|
| 2926 | 102  | дисперстілігі 3 мкм-ге дейін және кемінде 97%-дан төмен 35-40% кальций тотығы бар ) | қатты                                  | 2 |
| 2930 | 142  | Абразивті тозаңы  | қатты                                  | 4 |
| 2933 | 103  | Алюмосиликаттар (цеолиттер, цеолиттік туфтар)                                       | қатты                                  | 2 |
| 2936 | 104  | Сүрек тозаңы  | қатты                                  | 4 |
| 2937 | 137  | Астық тозаңы / сақталатын саңырауқұлақтар бойынша/                                  | қатты                                  | 3 |
| 3070 | 105  | Бацитрацин (Бациллихин)   | қатты                                  | 1 |
| 3534 | 106  | Бензилбензоат (Бензой қышқылының бензил эфирі)                                      | ҰОҚ                                    | 3 |
| 3721 | 206  | Ұнды тозаңы   | қатты                                  | 4 |
| 9999 | 999  | Өзге заттар   |  |   |
| 9991 | 9991 | өзге қатты заттар   | қатты                                  | - |
| 9992 | 9992 | өзге газ тәріздес және сұйық заттар   | газ тәріздес және сұйық                | - |
|      |      | оның ішінде:  |  |   |
| 9993 | 9993 | өзге көмірсүтектер (ұшпалы органикалық қосылыстарсыз, метанды қоспағанда)           | газ тәріздес және сұйық, көмірсүтіктер | - |
| 9994 | 9994 | өзге ұшпалы органикалық қосылыстар  | газ тәріздес және сұйық, ҰОҚ           | - |

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы 21 ақпандағы  
№ 24 бұйрығына  
18-қосымша

**"Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп" (индексі 2-ТП (ауа), кезеңділігі жылдық)  
жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі  
нұсқаулық**

Ескерту. 18-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 16.09.2022 № 25 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы нұсқаулық "Атмосфералық ауаны қорғау туралы есеп" (индексі 2-ТП (ауа), кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) атмосфераға ластаушы заттардың шығарындысы – шығарындылардың тұрақты көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы (халықтың денсаулығы мен қызметіне, қоршаған ортаға қолайсыз әсер ететін) заттардың түсуі;

2) атмосфераны ластайтын тұрақты көздер – пайдалану процесінде зиянды заттар бөлетін технологиялық агрегат (қондырғы, құрылғы, аппарат);

3) ластаушы заттарды ұстау және кәдеге жарату – өндіріске қайта қайтарылып, тауарлық өнім алуға пайдаланылған немесе басқа жаққа өткізілген ұсталған ластаушы заттардың мөлшері;

4) ұйымдастырылған ластау көздері – зиянды заттарды ұстау үшін тиісті газ тазарту және шаң тұту қондырғыларын қолдануға мүмкіндік беретін газ немесе ауа өткізгіш (кұбыр, аэрационды фонарь, вентиляциялық шахта) жүйесіне түсетін көздер зиянды заттар,

5) ұйымдастырылмаған ластау көздері – герметикалық емес технологиялық жабдықтар, көліктік құрылғылар, резервуарлардың салдарынан зиянды заттар тікелей атмосфераға түсетін шығарынды көздері;

6) ұшпалы органикалық қосылыстар – күн сәулесі болған кезде азот тотықтарымен реакцияға түскенде фотохимиялық тотықтырғыштарды түзетін метаннан басқа, адамның іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болатын барлық органикалық қосылыстар.

3. Статистикалық нысанды ауаны ластайтын тұрақты көздері бар кәсіпорындар және (немесе) дара кәсіпкерлер ұсынады.

Статистикалық нысан ауаны ластайтын тұрақты көздері бар әрбір бөлімше бойынша кәсіпорынның заңды мекенжайына қарамастан, оның нақты орналасқан жеріне сәйкес толтырылады.

Статистикалық нысан кәсіпорында ұйымдастырылған бастапқы есепке алу деректерінің, тұрақты ластайтын көздер мен олардың сипаттамаларын есепке алу журналдарының, газ тазарту және шаң тұту қондырғыларының жұмысын есепке алу журналдарының, сондай-ақ қондырғылар паспортының негізінде құрастырылады. Заңды тұлға және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері мен дара кәсіпкерлер бойынша мәліметтер:

жылына 0,999 тоннадан артық рұқсат берілгеннемесе декларацияланған шығарындының көлемімен;

ластаушы заттар шығарындыларының құрамында қауіптіліктің 1 және (немесе) 2 класы болған жағдайда 0,500-ден 0,999-ға тоннаға дейінгі рұқсат берілгеннемесе декларацияланған шығарындының көлемімен ұсынылады.

Статистикалық нысанда тұрақты ластаушы көздер шығарындыларын нақты жүзеге асырғандар санынан ластаушы заттардың шығарылатын көлемін сипаттайтын және тазарту имараттарымен жабдықталған тұрақты көздерден (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) нақты тұтылған және кәдеге жаратылған атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар шығарындылары бойынша деректер көрсетіледі.

Ластаушы заттар шығарындыларының көлемі тоннамен үтірден кейін бес таңбаға дейін толтыру мүмкіндігімен көрсетіледі.

Жыл бойы (жыл ішінде оларды бөгде ұйымдарға беру салдарынан, жыл соңына ластаушы заттардың шығарындылары көздерінің болмауына қарамастан) кәсіпорындардағы тұрақты ластаушы көздерден шыққан газдардағы және аспирациялық ауадағы ластаушы заттардың бәрі (төменде аталғандардан басқасы) есепке алуға жатады. Есепті кезеңдегі ластаушы заттардың (қатты, газ тәріздес және сұйық заттар бойынша барлығы) көлемі құралдармен жүргізілген өлшеу және (немесе) есептеулер негізінде көрсетіледі.

Статистикалық нысанда автокөлікті қоса алғанда ластаудың жылжымалы көздері бойынша деректер көрсетілмейді.

Тұрақты орналастыруды қажет ететін жылжымалы ластау көздері (дизельді генераторлар) оларды пайдалану кезінде осы статистикалық нысанға қосылады.

Статистикалық нысанда, егер бұл әуел бастан осы технологияның жобасында көзделген болса, өнім өндірісінің технологиялық процестерінде шикізат немесе жартылай фабрикат ретінде пайдаланылатын газбен қоса кететін заттардың мөлшері туралы деректер ескерілмейді. Техникалық көміртек зауыттарында күйе өндірген кезде реактордан шығатын газдарды тазарту кезінде, фосфор зауыттарында сары фосфор өндіргенде рудалық-термикалық пештерден шығатын газдарды тазарту кезінде, химия зауыттарында көмір қышқылын өндіргенде "қайнаған қабат" пештерінен шығатын газдарды тазарту кезінде пайда болатын және кәдеге жаратылатын заттар есепке алынбайды. Қара металлургия кәсіпорындарында домендік газда пайда болып, технологиялық отын ретінде пайдаланылатын көміртек тотығы есепке алынбайды. Түсті және қара металлургия, химия, мұнай-химия және басқа салалар зауыттарынан шығатын газдардан өнім алу үшін пайдаланылатын "қос қабатты адсорбция" және "қос түйісу" қондырғылары мен жүйелер ұстаған заттар да есепке алынбайды. Заттардың пайда болуы мен шығарындысы жөнінде жоғарыда келтірілгендердің арасынан газдың толық тұтылмауы мен технологиялық жабдықтарда саңылау болғандықтан, газдың шығуы салдарынан атмосфераға түсетін ластаушы заттар ғана есепке алынуға жатады.

4. 1-бөлімде ауаны ластайтын тұрақты көздері бар объектінің нақты орналасқан жері (заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған

бөлімшесінің тіркелген жеріне қарамастан) көрсетіледі. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ кодын аумақтық статистика органының қызметкері толтырады.

5. 2-бөлімде тұрақты көздері бар объекті ластаушы заттардың шығарындыларын шығаруды есепті кезең ішінде жүзеге асырғандығы көрсетіледі.

Егер кәсіпорын шығарындыларға рұқсаттың немесе қоршаған ортаға теріс әсер ету туралы декларацияның болуына қарамастан шығарындыларды іс жүзінде жүзеге асырса немесе болмаса, 2-бөлімде 2.1-тармақ белгіленеді және статистикалық нысанның сәйкес бөлімдері толтырылады. Бұл ретте, 5-бөлімде барлық тұрақты көздер саны, сондай-ақ ластаушы заттар шығарындыларын нақты жүзеге асырғандар туралы ақпарат көрсетіледі. Есепті кезеңде жұмыс істемеген тұрақты көздер (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) 4-бөлімдегі 1-бағанға жалпы санға қосылады.

Егер кәсіпорын шығарындыларды жүзеге асырмаса, 2-бөлімдегі 2.2-тармақ белгіленеді және 4-бөлімнің 1 бағаны толтырылады.

6. 3-бөлімде кәсіпорынның қолданыстағы экологиялық заңнамаға сәйкес уәкілетті орган айқындайтын қоршаған ортаға теріс әсер ететін III санаттағы объектілерге жататындығы көрсетіледі.

7. 4-бөлімде ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларының көлемі осы статистикалық нысанға қосымшаға сәйкес көп таралған ерекше ластаушы заттардың тізбесіне сәйкес көрсетіледі. Көлем үтірден кейін бес белгіге дейін толтыру мүмкіндігімен тоннада көрсетіледі.

III санаттағы объектілерге жататын кәсіпорындар 4-бөлімде 7-бағанды толтырады.

4-бөлімнің 1-бағанында тазарту имараттарын қоспай, барлық ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған көздерден атмосфераға түсетін ластаушы заттардың, сондай-ақ оларды тұтуға (зарарсыздандыруға) арналмаған газ тазарту және шаң тұту қондырғылары арқылы өткен, ұсталмаған зиянды заттар шығарындыларының жалпы көлемі көрсетіледі.

4-бөлімнің 2-бағанында атмосфераға арнайы жабдықталған құрылғылар (күбырлар, вентиляциялық құрылғылар, аэрациялық фонарлар, ауа өткізгіштер, алау құрылғылары, газ өткізгіштері) арқылы түсетін, бірақ бұл ретте алдын ала тазалауға түспейтін, сондай-ақ оларды тұтуға арналмаған газ тазарту және шаң тұту құрылғыларынан өткен ұсталмаған ластаушы заттардың көлемі көрсетіледі.

4-бөлімнің 3-бағанына кәсіпорындағы газ тазарту және шаң тұту қондырғыларына (олардың нақты жұмысына байланыссыз) түсетін және тазартуға жататын ластаушы заттар (барлығы және жекелеген ингредиенттер бойынша) бойынша деректер енгізіледі.

4-бөлімнің 4-бағанында тұтылған (зарарсыздандырылған) ластаушы заттардың нақты көлемі келтіріледі.

4-бөлімнің 5-бағанында өндіріске қайтарылып, тауарлық өнім алу үшін пайдаланылған немесе басқа жаққа өткізілген тұтылған ластаушы заттардың көлемі көрсетіледі.

Тұтылған және кәдеге жаратылған ластаушы заттарға, егер бұл технологияда көзделсе, өнім өндірудің технологиялық процестерінде шикізат немесе жартылай фабрикат ретінде пайдаланылатын заттар жатпайды.

4-бөлімнің 6-бағанында тазартудан кейін және тазартылмай шығарылған ауа бассейніне түскен ластаушы заттардың (барлығы, қатты, газ тәріздес және сұйық) жалпы көлемі көрсетіледі.

7-бағанда есептік немесе аспаптық жолмен бекітілген және негізделген жол берілетін шекті шығарындылардың нормативтері немесе атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының жарияланатын көрсетіледі. Парниктік газдар шығарындыларын және ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерін қоспағанда, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың жол берілетін шекті нормативтері қоршаған орта сапасы нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін эмиссиялардың әрбір тұрақты көзі мен кәсіпорын үшін есептеулер негізінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22317 болып тіркелген) Қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін айқындау әдістемесімен (бұдан әрі - Қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін айқындау әдістемесі) анықталатын эмиссиялардың шамалары болып табылады. Жол берілетін шығарындылардың белгіленген нормативінің қолданылу мерзімі нормативтерді қамтитын жобаларға берілген мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының қолданылу мерзімімен айқындалады.

Кәсіпорындарда тазарту құрылғылары болмаған жағдайда 4-бөлімнің 3-5-бағандарында сызықша қойылады. Бұл жағдайда 1 және 6-бағандардың мәндері өзара тең.

4-бөлімнің 1.1 және 1.1.1-жолдарының коды бойынша қатты ластаушы заттар ҚБ10 (10 мкм диаметрлі қатты бөлшектер) және ҚБ2,5 (2,5 мкм диаметрлі қатты бөлшектер) диаметрі бойынша бөліністе көрсетіледі.

Көрсеткіш сынаманы қосымша алу және кәсіпорындар жүзеге асыратын шаңды фракцияларға бөлу негізінде толтырылады. Кәсіпорында тиісті өлшемдерді өлшеу мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл жолдар толтырылмайды.

1.2-жол бойынша NO<sub>2</sub> қайта есептегенде азот тотықтарының шығарындылары бойынша деректер көрсетіледі.

Қайта есептеуге арналған формула Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесінде қамтылған.

8. 5-бөлімде есепті кезеңнің соңына қолда бар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған тұрақты көздерден шығатын шығарындылар саны туралы

деректер, сондай-ақ оның ішінде есепті кезеңде нақты жұмыс істегендер туралы деректер көрсетіледі.

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуына жол берілетін шекті шығарындылардың нормативтерін әзірлеген және осы заттардың шығарылуына рұқсат алған және атмосфералық ауаға теріс әсер ету туралы декларация алған респонденттер 5-бөлімнің 1, 2, 3-бағандарын толтырады. Бұл ретте, 3-баған бойынша есептік кезеңде нақты жұмыс істеген 2-бағанның санынан шекті жол берілетін шығарындылардың немесе ластанатын заттардың декларацияланған көлемінің белгіленген нормаларымен көздердің саны бойынша деректер көрсетіледі.

5-бөлімнің 1-бағанындағы 1-жолда осы объектіде бар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған шығарындылардың тұрақты көздерінің жалпы саны көрсетіледі, 2-бағанда – есепті кезеңде шығарындыларды нақты жүзеге асырғандар саны көрсетіледі.

5-бөлімнің 1.1 және 1.1.1-жолдарында тұрақты көздердің жалпы санынан ластаушы заттар шығарындыларының ұйымдастырылған көздерінің, сондай-ақ тазарту имараттарымен жабдықталған шығарындылар көздерінің саны бойынша деректер бөлініп көрсетіледі.

9. Осы статистикалық нысанды ұсыну электронды түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған " Респонденттің кабинеті" арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

10. Ескертпе: X – бұл позиция толтыруға жатпайды.

11. Арифметикалық-логикалық бақылау:

4-бөлім: 6-баған = 1-баған + 3-баған – 4-баған әрбір жол үшін;

1-баған  $\geq$  2-баған әрбір жол үшін;

4-баған  $\geq$  5-баған әрбір жол үшін;

1-жол = 2.1, 2.2, 2.3 және одан әрі жолдардың  $\sum$ ;

1.1-жол  $\geq$  1.1.1 жол;

1.1-жол  $\leq$  қатты заттардың коддар бойынша  $\sum$ ;

5-бөлім: 1-баған  $\geq$  2-баған, әрбір жол үшін;

2-баған  $\geq$  3-баған, әрбір жол үшін;

1-жол  $\geq$  1.1-жол, әрбір баған үшін;

1.1-жол  $\geq$  1.1.1-жол, әрбір баған үшін.



загрязняющих веществ, отходы производства и потребления, осуществляющие природоохранную деятельность (независимо от места регистрации) – область, город, район, населенный пункт

1.1 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес аумақ коды (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика бөлімшелерінің тиісті қызметкері толтырады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального подразделения статистики при представлении респондентом статистической формы на бумажном носителе)

|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

## 2. Табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындардың жалпы көлемін және оның қаржыландыру көздерін көрсетіңіз, мың теңгеде

Укажите объем текущих затрат, направленных на охрану окружающей среды по видам природоохранной деятельности и источники их финансирования, в тысячах тенге

| Жол | ҚОҚҚШ және РБЖ <sup>1</sup> сәйкес шығындардың бағыты | Ағымдағы шығындардың көлемі | Олардан негізгі түрлер бойынша:  |   |                        | Соның ішінде қаржыландыру көздері        |                  |                 |
|-----|---|-----------------------------|--|---|------------------------|--|------------------|-----------------|
|     |   |                             | Из них по основным видам:  |   |                        | В том числе по источникам финансирования |                  |                 |
|     |   |                             | еңбекақы төлеуге және әлеуметтік мұқтаждықтарға аударылған аударымдарға жұмсалған шығындар | табиғатты қорғау қызметтерінің көрсеткені үшін басқа кәсіпорындарға (ұйымдарға) төленгені | бюджеттік қаражат      |  |                  |                 |
|     |   |                             | материалдық шығындар   | өнімдерін шығаруға жұмсалған шығындар   | бюджетные средства     | жергілікті бюджет                        |                  |                 |
|     |   |                             | затраты на оплату труда и отчисления на  | предприятиям (организациям) за оказание природоохранных услуг                             | республикальный бюджет |  |                  |                 |
|     |   |                             |  |   | республиканский бюджет |  |                  |                 |
|     |   |                             |  |   |                        |  | меншікті қаражат | өзге де қаражат |

| коды<br>К о д<br>строки | ви и с<br>КДЗООС<br>и УР <sup>1</sup>   | Объем<br>текущих<br>затрат | материал<br>ьные<br>затраты | социальн<br>ы е<br>нужды |   |   | местный<br>бюджет | собствен<br>н ы е<br>средства | ар<br>прочие<br>средства |
|-------------------------|---|----------------------------|-----------------------------|--------------------------|---|---|-------------------|-------------------------------|--------------------------|
| А                       | Б   | 1                          | 2                           | 3                        | 4 | 5 | 6                 | 7                             | 8                        |
| 1                       | Атмосфе<br>ралық<br>ауаны<br>қорғау<br>және<br>климатты<br>ң өзгеру<br>проблема<br>лары<br>Охрана<br>атмосфер<br>ного<br>воздуха и<br>проблем<br>ы<br>измени<br>я климата |                            |                             |                          |   |   |                   |                               |                          |

Ескертпе:

Примечание:

<sup>1</sup> Мұнда ҚОҚҚШ және РБЖ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған Қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметтер, шығындар түрлері және ресурстарды басқару анықтамалығы

<sup>1</sup> Здесь КДЗООС и УР – Справочник видов деятельности, затрат по охране окружающей среды и управления ресурсами, размещенный на интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан

|  |  |  |  |   |
|--|--|--|--|---|
|  |  |  | Олардан негізгі түрлер бойынша:<br>Из них по основным видам: | Соның ішінде қаржыландыру көздері<br>В том числе по источникам финансирования |
|  |  |  | еңбекақы<br>төлеуге  | бюджеттік қаражат   |



|   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
|   | Очистка сточных вод  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 3 | Қалдықта рмен жұмыс жасау<br>Обращение с отходами  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 4 | Топырақты, жерасты және жерүсті суларын қорғау мен оңалту<br>Защита и реабилитация почвы, подземных и поверхностных вод  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 5 | Шу және вибрациялық әсер етуді азайту (жұмыс орындарында еңбекті қорғау бойынша зауытшілік сипаттағы іс-шараларды қоспағанда)<br>Снижение шумового и вибрационного |  |  |  |  |  |  |  |  |

|                                  |   |   |   |  |   |  |  |  |   |
|----------------------------------|---|---|---|--|---|--|--|--|---|
|                                  | воздейст<br>вия (исключая<br>мероприят<br>ия<br>внутриза<br>водского<br>характера<br>по<br>охране<br>труда на<br>рабочих<br>местах)             |   |   |  |   |  |  |  |   |
| Ж о л<br>коды<br>К о д<br>строки | ҚОҚҚШ<br>және<br>РБЖ<br>сәйкес<br>шығында<br>рдың<br>бағыты<br>Направле<br>ние<br>затрат в<br>соответст<br>вии с<br>КДЗООС<br>и УР <sup>1</sup> | Ағымдағ<br>ы<br>шығында<br>рдың<br>көлемі<br>Объем<br>текущих<br>затрат | Олардан негізгі түрлер<br>бойынша:<br>Из них по основным видам: |  |   | Соның ішінде қаржыландыру көздері<br>В том числе по источникам<br>финансирования |  |  |   |
|                                  |   |   | материал<br>ды қ<br>шығында<br>р<br>материал<br>ьные<br>затраты | еңбекақы<br>төлеуге<br>және<br>әлеуметті<br>к<br>мұқтажд<br>ықтарға<br>аударылғ<br>а н<br>аударым<br>дарға<br>жұмсалға<br>н<br>шығында<br>р<br>затраты<br>на оплату<br>труда и<br>отчисле<br>ния на<br>социальн<br>ые<br>нужды | табиғатт<br>ы қорғау<br>қызметте<br>р і н<br>көрсетке<br>ні үшін<br>басқа<br>кәсіпоры<br>ндарға ( ұйымдар<br>ға )<br>төленгені<br>выплачен<br>о иным<br>предприя<br>тиям ( ор<br>ганизаци<br>ям) за<br>оказание<br>природо<br>охранных<br>услуг | бюджеттік қаражат<br>бюджетные<br>средства                                       | республи<br>калық<br>бюджет<br>республи<br>канский<br>бюджет | жергілікт<br>і бюджет<br>местный<br>бюджет | меншікті<br>қаражат<br>ны е<br>средства |
| А                                | Б   | 1   | 2   | 3  | 4   | 5  | 6  | 7  | 8                                       |
| 6                                | Биоэртүр<br>лілік<br>және<br>ландшафт<br>тарды<br>сақтау<br>Сохранен<br>ие<br>биоразно<br>образия и<br>ландшафт<br>тов                          |   |   |  |   |  |  |  |   |

|   |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
|---|---|--|--|--|--|--|--|--|--|
| 7 | <p>Радиациялық қауіпсіздік (сыртқы мемлекеттік қауіпсіздік мәселелерін қоспағанда)</p> <p>Радиационная безопасность (исключая вопросы внешней государственной безопасности)</p> |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 8 | <p>Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер</p> <p>Научные исследования и разработки в области охраны окружающей среды</p>                          |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 9 | <p>Табиғатты қорғау қызметінің басқа бағыттары</p> <p>Другие направления</p>  |  |  |  |  |  |  |  |  |

|                                  |  |   |   |   |   |  |  |  |   |
|----------------------------------|--|---|---|---|---|--|--|--|---|
|                                  | природоо<br>хранной<br>деятельн<br>ости  |   |   |   |   |  |  |  |   |
|                                  | одан<br>из них   |   |   |   |   |  |  |  |   |
| 9.1                              | жаңарты<br>латын<br>энергия<br>көздері<br>саласынд<br>ағы<br>қызмет<br>деятельн<br>ость в<br>области<br>возобнов<br>ляемых<br>источник<br>о в<br>энергии |   |   |   |   |  |  |  |   |
| Ж о л<br>коды<br>К о д<br>строки | ҚОҚҚШ<br>және<br>РБЖ<br>сәйкес<br>шығында<br>рдың<br>бағыты<br>Направле<br>ние<br>затрат в<br>соответст<br>вии с<br>КДЗООС<br>и УР <sup>1</sup>          | Ағымдағ<br>ы<br>шығында<br>рдың<br>көлемі<br>Объем<br>текущих<br>затрат | Олардан негізгі түрлер<br>бойынша:<br>Из них по основным видам: |   |   | Соның ішінде қаржыландыру көздері<br>В том числе по источникам<br>финансирования |  |  |   |
|                                  |  |   | материал<br>дық<br>шығында<br>р<br>материал<br>ьные<br>затраты  | еңбекақы<br>төлеуге<br>және<br>элеуметті<br>к<br>мұқтажд<br>ықтарға<br>аударылғ<br>а н<br>аударым<br>дарға<br>жұмсалға<br>н<br>шығында<br>р<br>затраты<br>на оплату<br>труда и<br>отчисле<br>ния на<br>социальн<br>ы е<br>нужды | табиғатт<br>ы қорғау<br>қызметте<br>р і н<br>көрсетке<br>ні үшін<br>басқа<br>кәсіпоры<br>ндарға (<br>ұйымдар<br>ға )<br>төленгені<br>выплачен<br>о иным<br>предприя<br>тиям (<br>организа<br>циям) за<br>оказание<br>природоо<br>хранных<br>услуг | бюджеттік қаражат<br>бюджетные<br>средства                                       | республи<br>калық<br>бюджет<br>республи<br>канский<br>бюджет | жергілікт<br>і бюджет<br>местный<br>бюджет | меншікті<br>қаражат<br>ны е<br>средства |
| А                                | Б  | 1   | 2   | 3   | 4   | 5  | 6  | 7  | 8                                       |
|                                  | энергия<br>үнемдеу<br>технолог<br>иялары   |   |   |   |   |  |  |  |   |

|     |   |  |  |  |  |  |  |  |  |
|-----|---|--|--|--|--|--|--|--|--|
| 9.2 | және энергия тиімділігі н арттыру саласындағы қызметтің деңгейінің өсіп келе жатқанына байланысты энергосберегающих технологиялардың қолданылуының өсіп келе жатқанына байланысты |  |  |  |  |  |  |  |  |
|-----|---|--|--|--|--|--|--|--|--|

### 3. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

|                 |     |     |     |      |                   |
|-----------------|-----|-----|-----|------|-------------------|
| 1 сағатқа дейін | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық |
| до 1 часа       |     |     |     |      | более 40 часов    |

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы (респонденттің)  
 Наименование \_\_\_\_\_ Адрес (респондента) \_\_\_\_\_

Телефоны (респонденттің) \_\_\_\_\_ Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)  
 ) \_\_\_\_\_

Телефон (респондента) \_\_\_\_\_ Адрес электронной почты (респондента)  
 \_\_\_\_\_

стационарлық ұялы  
 стационарный  
 мобильный

Орындаушы  
 Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_ қолы, телефоны (орындаушының)  
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_ подпись, телефон (исполнителя)

Бас бухгалтер немесе оның міндетін атқарушы тұлға  
 Главный бухгалтер или лицо, исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) \_\_\_\_\_ қолы  
 фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_ подпись

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

подпись

Ескертпе:

Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2020 жылғы 21 ақпандағы  
№ 24 бұйрығына  
20-қосымша

**"Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар туралы есеп" (индексі 4-ОС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

**Ескерту. 20-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.06.2024 № 12 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы нұсқаулық "Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар туралы есеп" (индексі 4-ОС, кезеңділігі жылдық) (бұдан әрі – статистикалық нысан) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) жергілікті бюджет қаражаты – жергілікті атқарушы органдардың өзара қарыз беру қаражатын қосқанда, өтеулі және өтеусіз негізде жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат;

2) қоршаған ортаны қорғау бойынша қызмет түрлері мен шығындар және ресурстарды басқару анықтамалығы (бұдан әрі – ҚОҚҚШ мен РБЖ) – қоршаған ортаны қорғауды сипаттайтын қызмет түрлерін, сондай-ақ табиғи ресурстарды басқаруды жіктеуге арналған анықтамалық;

3) қоршаған ортаны қорғауға арналған ағымдағы шығындар – кәсіпорындар мен ұйымдардың іс-шараларды өткізуге, технологиялық процестер мен өндірістердің ағымдағы жұмысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ экологиялық заңнаманы сақтау, ластаушы заттарды (өнімдерді) болдырмау, азайту, тазарту (қайта өңдеу) және (немесе) жою мақсатында әзірленген және жұмыс істейтін машиналар мен жабдықтарды ұстауға және пайдалануға арналған шығыстары, отын-энергетикалық ресурстарды сақтау;

4) меншікті қаражат – кәсіпорындардың, ұйымдардың, халықтың қаражаты;

5) республикалық бюджет қаражаты – үкіметтің сыртқы қарыздарын қоса алғанда, өтеулі және өтеусіз негізде республикалық бюджеттен бөлінген қаражат.

3. Статистикалық нысан бухгалтерлік және қоршаған ортаны қорғауға кеткен нақты шығындарды бастапқы есепке алу деректерінің негізінде толтырылады.

4. 1-бөлімде табиғи ресурстарды пайдаланатын, ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділері, өндіріс және тұтыну қалдықтары бар, табиғатты қорғау қызметін жүзеге асыратын объектінің нақты орналасқан орны көрсетіледі (заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшесінің тіркелген жеріне қарамастан). Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ кодын мемлекеттік статистика органының қызметкері толтырады.

5. 2-бөлімді толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайтында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған ҚОҚҚШ мен РБЖ басшылыққа алу керек.

2-бөлімнің 1-бағанында қоршаған ортаны қорғаумен байланысты ішкі өнеркәсіптік қызмет процесінде пайда болатын ағымдағы шығындардың нақты сомасы көрсетіледі.

Шаруашылық субъектілерінің қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметпен байланысты ағымдағы (пайдаланушылық) шығыстары қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындарға жатады.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындардың құрамына:

1) қоршаған ортаны қорғау бойынша (оларды жаңғырту және қалпына келтіру шығыстарынсыз) негізгі қорды ұстау және пайдалану: қоршаған ортаны қорғау қорларын пайдалану кезінде пайдаланылатын шикізат, материалдар мен басқа да өнімдер, отын және электр энергиясы, осы қорларды ағымдағы жөндеуіне, аталған қорларға қызмет көрсететін персоналды ұстауға жұмсалған шығындар, қоршаған ортаны қорғау имараттарына және құрылғыларына қатысты сақтандыру бойынша төлемдер;

2) өз күшімен өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, сақтау немесе көму және қайта өңдеу немесе залалсыздандыру, жою және орналастыруға жұмсалатын шығындар ;

3) қоршаған ортаға зиянды әсерлерді өз күшімен бақылауды және мониторингілеу іс-шараларын ұйымдастыру, ғылыми-техникалық зерттеулер, ұйымда қоршаған ортаны қорғау қызметін басқару;

4) бұрын өткізілген шаруашылық қызметінің нәтижесінде бұзылған қоршаған ортаның сапасын сақтау және қалпына келтіру бойынша ағымдағы іс-шаралар;

5) осындай объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі, оның ішінде болашақта туындайтын талаптарға қатысты өз міндеттемелерінің орындалуын қаржылық қамтамасыз етуге бөлінетін қаражат;

б) қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту жөніндегі өзге де ағымдағы іс-шаралар.

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған ағымдағы шығындардың құрамына:

1) қоршаған ортаны қорғау бойынша объектілердің құрылысы;

2) қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі қорларды күрделі жөндеу;

3) қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы негізгі қорлар бойынша амортизациялық шығындар кірмейді.

2-бағанда шикізатты және (немесе) материалдарды, құрал-жабдықтарды, құрылғылар мен мүкәммалдарды, жиынтықтаушы бұйымдарды және (немесе) жартылай фабрикаттарды, отынды, қоршаған ортаны қорғауға арналған негізгі қорлардың жұмыс істеуі және қоршаған ортаны қорғау бойынша басқа да жұмыстарды орындау үшін қажетті барлық энергия түрлерін сатып алуға кеткен шығындарды құрайтын материалдық шығындар көрсетіледі. Осы бағанды толтыру кезінде алғашқы бухгалтерлік есептілік нысандарының деректері пайдаланылады. Материалдық шығындарға шаруашылық мүкәммалын (мысалы, тырмалар, саусаққаптар, сыпыртқылар) сатып алу енгізілмейді.

3-бағанда қоршаған ортаны қорғау құралдарын пайдаланумен және жұмысшыларға еңбекақыға және әлеуметтік қажеттіліктерге (бюджеттік емес қорларға аударымдарды қоса) кеткен шығындар және тізімдік құрамдағы жұмысшыларға және сыртқы үйлестірушілерге жалақы сомасын және әлеуметтік сипаттағы төлемдерді қосатын қоршаған ортаны қорғау бойынша басқа да іс-шараларды өткізумен байланысты төлемдер көрсетіледі. Бұған қоршаған орта объектілерін пайдалану және қызмет көрсету бойынша тікелей жұмыс істейтін жұмысшылар кіреді. Бұдан басқа ортаны қорғау іс-шараларын өткізу кезіндегі (өндіріс пен тұтыну қалдықтарын шығару мен көму және басқасы) еңбекақы және әлеуметтік төлемдер, сондай-ақ экологтың жалақысы кіреді. Осы көрсеткіште қоршаған ортаны қорғау саласындағы мониторингті жүзеге асыратын (бақылау өлшемдер; есепке алу; бақылау және басқасы) зауыттық зертханалар жұмысшыларының еңбекақысы көрсетіледі. Қызметкерлерді тасымалдау бойынша жүргізушілерге төленетін бір реттік төлемдер, карьерге дейінгі жолдардың шаңын басу бойынша жүргізушілерге төленетін төлемдер және коммуналдық шаруашылық саласындағы көрсетілетін қызметтер (мысалы, аумақты сыпыру, жаңбырдан шатырдағы субұрғышты жөндеу жұмыстары) бойынша бір реттік төлемдер қосылмайды.

4-бағанда 1-бағаннан бөгде ұйымдарға көрсетілген табиғатты қорғау қызметтері:

1) ақаба суды қабылдау, тасымалдау және тазалау;

2) өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, тасымалдау (шығару), уақытша сақтау, қайта өңдеу (залалсыздандыру), жою және (немесе) көмуге;

3) қоршаған ортаны қорғау бойынша басқа да қызметтер, соның ішінде қоршаған ортаға әсерін бағалауды және алдын ала қоршаған ортаға әсерін бағалауды әзірлеу үшін ластаушы көздерді түгендеу, атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жол берілетін шекті нормативтерінің жобаларын әзірлеу, кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарының жобаларын әзірлеу, қоршаған орта факторлары әсер еткен жағдайда адам денсаулығы үшін тәуекелдерді бағалау бойынша жұмыстар, су объектілеріне заттар мен микроорганизмдердің төгінділерінің шекті нормативтерінің жобасын әзірлеу, қалдықтардың қалыптасу нормативтерінің және оларды орналастыру лимиттерінің жобаларын әзірлеу, экологиялық сертификация және аудит, басқа да ұқсас қызметтер мен жұмыстарға кеткен нақты төлем сомасы көрсетіледі.

5-8-бағандарда ағымдағы шығындардың көлемін бюджеттік (республикалық және жергілікті), меншікті қаражат, басқа қаржыландыру көздері бойынша көрсетіледі.

Басқа қаражатқа қарыз қаражаты, банктердің кредиттері, басқа заңды тұлғалардан алынған ақшалар және басқасы кіреді.

"Биоәртүрлілік пен ландшафттарды қорғау" 6-жолын толтыру кезінде флора және фауна түрлерін, экожүйелер мен мекендеу ареалдарын, табиғи және жартылай табиғи ландшафттарды қорғау және қалпына келтірумен байланысты деректерді көрсету қажет. Абаттандырумен байланысты аумақты көгалдандыру (жол бойына гүлдерді немесе талдарды отырғызу, ауланы көгалдандыру және тағы басқасы) бойынша шығындар кірмейді.

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер" 8-жолы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер ету салдарын бағалауға, қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру тұжырымдамаларын, ғылыми болжамдары мен жоспарларын әзірлеуге арналған шығындар көрсетіледі. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған шығындар енгізілмейді.

6. Есепті кезеңде (ай, тоқсан, жыл) қызметі болмаған кезде респондент Заңмен белгіленген тәртіпте бекітілетін, Респонденттердің жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген берілген есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей тиісті мемлекеттік статистика органына тиісті статистикалық нысандардың орнына қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес, қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде ұсынады.

7. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

8. Арифметикалық-логикалық бақылау:

2-бөлімнің 1-бағаны 2-баған + 3-баған + 4-баған әр жол үшін;

2-бөлімнің 1-бағаны = 5-баған + 6-баған + 7-баған + 8-баған әр жол үшін;

1-жол 1.1-жол;

9-жол 9.1-жол+ 9.2-жол.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК